

**"М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" КЕАҚ-да
"Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті
қамтамасыз етудегі қылмыстық-құқықтық және криминологиялық
проблемалар" ғылыми жобасы шеңберінде өткізілген ғылыми-
практикалық семинар
ИРН АР19675171**

2024 жылғы 19 сәуірде "М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" КЕАҚ-да Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің құқықтық және экономикалық зерттеулер ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, з. ғ.к., доцент Феткулов Аликжан Халелович "Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қылмыстық-құқықтық және криминологиялық проблемалар" тақырыбында ғылыми-практикалық семинар өткізді. Аталған семинар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылай қолдауымен жобаны орындау аясында өткізілді (ИРН АР 19675171). Семинар жұмысында ҚР ҚК-нің 277-бабы бойынша жауапкершілікті көздейтін қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері қаралды. Қылмыстың аралас құрамдарын ажырату критерийлеріне ерекше назар аударылды, атап айтқанда, тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерінің бұзылуына (ҚР ҚК-нің 277-бабы) және еңбекті қорғау ережелерінің бұзылуына (ҚР ҚК-нің 156-бабы) салыстырмалы талдау жүргізілді. Құқықтық талдау жүргізілді және осы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының белгілері, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар қаралды. Сондай-ақ, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері қаралды. Бұл семинар университеттің қылмыстық құқық және процесс кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми жастардың арасында үлкен ғылыми қызығушылық тудырды.

Қараңыз:

<https://www.instagram.com/reel/C6YiEdDNgMx/?igsh=eTl1emd6dXJmYno5>